

Джолдыбаева У.М.¹ Абикенова К.Е.²

¹ *әл-Фараби ат. ҚазҰУ доценті, т.ғ.к.*

² *әл-Фараби ат. ҚазҰУ доценті, т.ғ.к.*

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА БІЛІМ БЕРУ ОШАҚТАРЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ (XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ - XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

Аңдатпа

Мақалада Жетісу аймағындағы білім беру ошақтарының ұйымдастырылуы мәселесі қарастырылады. Аймақ аумағына қоныс аударылып келген орыс келімсектері мен өзге де қоныстанушылары жайында айтыла отырып олардың қоныстануымен халық санының артуына қатысты мәліметтер беріледі. Сонымен қатар қоныстанушыларға Патшалық Ресей тарапынан ұйымдастырылған білім беру ошақтары туралы деректер келтіріледі. Сол кезеңде өлкеде ұйымдастырылған білім беру ошақтарының жай-күйі, онда білім алушылардың әлеуметтік құрамына қатысты мәселелер қарастырылады.

Тірек сөздер: отарлау, білім беру, шаруа мигранттары, келімсектер, Жетісу, діни мектептер.

Dzholdybaeva U.M.¹ Abikenova K.E.²

¹ *Associate Professor of al-Farabi KazNU, Candidate of History,
Almaty*

¹ *Associate Professor of al-Farabi KazNU, Candidate of History,
Almaty*

ORGANIZATION OF EDUCATIONAL INSTITUTIONS IN ZHETYSU REGION (LATE XIX - EARLY XX CENTURIES)

Abstract

The article considers the issue of organization of educational institutions in the Semirechye region. Information on Russians and other migrants who have moved to the region is given regarding the increase in the population with their resettlement. In this regard, the settlers were told about the educational institutions organized by the Tsarist Russia. In the region, the state of organized educational institutions is noted, in which questions are identified regarding the social composition of people who is studying.

Keywords: colonization, literacy, peasant settlers, Semirechye, religious schools.

Джолдыбаева У.М.¹ Абикенова К.Е.²

¹ *доцент КазНУ им аль-Фараби, к.и.н., доцент*

² *доцент КазНУ им аль-Фараби, к.и.н., доцент*

ОРГАНИЗАЦИЯ УЧЕБНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ (КОНЕЦ XIX – НАЧАЛО XX ВЕКА)

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы организации образовательных учреждений Семиреченского региона. приводятся сведения, Так же приводятся сведения о русских и других переселенцах, переселившихся на территорию региона, касающиеся увеличения численности населения с их расселением. В связи с этим известно об учебных заведениях, организованных царской Россией для переселенцев. В регионе отмечается состояние организованных образовательных учреждений, в которых обозначены вопросы, касающиеся социального состава обучающихся.

Ключевые слова: колонизация, грамотность, крестьяне-переселенцы, Семиречье, приходские школы.

Республикамыздың басқа аймақтарымен салыстырғанда Жетісу облысы өзінің әсем табиғаты, әдемі табиғи ортасымен және соған орай халық тығыз қоныстанған өлке ретінде танымал. Десек те, облыс аймағы халқының құрамының өзгеруі мен халық тығыздығының артуы Патшалық Ресейдің отарлау саясатынан кейін арта түскені белгілі. Ол әсіресе XIX ғасырдың соңында Патшалық Ресейдің қазақ жерін толығымен мемлекет меншігіне өткізіп, Жетісу сынды шұрайлы аймаққа орыс келімсектерін жаппай ендіруден басталды. Мұндай орыс келімсектерінің келуі өлкені нағыз отаршылдар ортасына айналдырып, меншікті мекені бола бастады. Бұл туралы қазақ зиялысы Телжан Шонанұлы: «Ресейдің қол астына кіргеннен бергі қазақ жерінің тарихы – колония тарихы. Колония тарихы – бірте-бірте қазақ жерін сырттан келіп иемденудің тарихы, талаудың тарихы... – деп, одан ары қазақ жерін еріксіз отарлаудың салдарының ауыр тұстарын былай деп: ...қазақ жерін отарлаушылардың ұстанған саясаты, қолданған ебі, тұтынған әдісі, жасаған зорлығы – қазақ тұрмысын көп өзгеріске ұшыратты», - деп тұжырымдайды [1, 179 б.].

Жетісу облысы осылай отарлана отырып, олар аймаққа шоғырланған орыс шаруаларының саяси-әлеуметтік, мәдени мәселелерін де шешіп отырды. Олардың қатарында оқу-ағарту саласы да орын алып, Түркістан өлкесінің әкімшілігі мектепте білім беру жұмыстарын ұйымдастыруға кірісті. Аймақтың барлық жерлерінде шіркеулік және қалалық училищелер, сондай-ақ бастауыш сауаттылық мектептері қатарына кіретін бастауыш мектептер ашылды.

Мәселен, құжаттық деректерге көз жүгіртсек, 1895 жылы петерборлық сауаттылық комитеті Еркін экономикалық қоғам жанындағы Жетісу облысындағы «қалалық, министрлік, шіркеу-приход, қоғамдық бастауыш мектептердің» жай-күйіне өзіндік әлеуметтік зерттеу жүргізеді. Сауалнамаға училищенің ашылу күні, оның пайда болуы мен дамуы туралы, оқушылар, олардың жыныс-жас құрамы, ұлты, діни сенімі, тектік-топтық шығу тегі туралы, оқушылар сабақтарда қанша бөлімшеге бөлінеді, оқу ақысы алынады ма, училищенің өз ғимараты бар ма немесе жалданады ма, училище жанында кітапхана немесе кітап сату қоймасы бар ма, училищенің толық курсын аяқтаушылардың алған білімі бар ма, жергілікті халықты оқытудың қажеттілігі қандай деген санаттағы мәселелерді енгізеді. Осы негізде арнайы сауалнамалар сауат ашу мекемелеріне жіберіліп, толтырылған және бұл сауалнама Жетісудың орыс ауылдарындағы мектептік білім беру ісінің бейнесін көруге мүмкіндік береді. Мәселен, олардың қатарынан Пішпек уезінде ірі ескі орыс ауылдары орналасқан Пішпек қаласы мен Ақсу болыстығы көрсетілген [2].

Атап айтсақ, Пішпек уезінде алғашқы приход мектебі 1870 жылы 9 ақпанда Тоқмақ қаласында ашылады. 1879 жылы 1 шілдеде Тоқмақ приход ерлер училищесінің орнына екі училище – екі класты приход ер және сыныптас әйел училищесі ашылды, бірақ сол 1879 жылы ерлердің приход училищесі қаржылық пайымдаулар бойынша болжамды екі училищенің орнына ұлдар мен қыздарды бірлесіп оқыту үшін приход училищесі болып қайта құрылды. 1891 жылы жергілікті саудагерлердің көмегімен әйелдер училищесі ашылып, училищеге жаңа ағаш ғимарат салуға айтарлықтай қаражат бөлінеді. Бірақ ғимараттың құрылысы ұзақ уақытқа созылғандықтан, 1894 жылдың 20 қарашасында училище жеке ғимаратқа ауыстырылды. 1895 жылдың 1 қаңтарына училищеге 7 жастан 16 жасқа дейінгі 66 оқушы білім алады, олардың ішінде орыстардан 58 адам, татар – 3, дүнген – 2 болды және олар әр түрлі топтардан шыққан: шаруалардан – 1 оқушы, көпестерден – 4, сарбаздардан – 2, қазақ сословиясынан – 5, діншілерден – 1, дворяндардан – 3. Оқушылар сабақтарда 6 бөлімшеге (топқа) бөлінді, оның ішінде 1 – сыныпта 4 бөлімше, 2-сыныпта екі бөлімше болды. Оқу ақысы алынбады.

Сонымен бірге Пішпек қалалық ерлер училищесінің сауалнамасынан оқушылардың кәсіби дайындығына бағытталған пәндер қандай да бір қолөнер түрі, қолөнер, бау-бақша, ауыл шаруашылығы сабақтары берілген жоқ. Орыс тілі мен жазуға ерекше назар аударылды. Көп еңбек оқуға және оқудың саналы болуына жұмсалды. Бір қызығы, кейбір заттарды кәсіби педагог-псаломщик оқытқан жоқ, жылына 75 рубль төлеумен жалданып жұмыс істейтін офицер – гимнастикадан сабақ берген. Сонымен бірге сауалнамада мынадай сауал да бар: «училищенің толық курсын аяқтаушылар алған біліммен қанағаттана ма?» және оған мынадай жауап жазылған: «бітірушілердің кейбіреулері мұғалім семинарларына түсуге ниет білдіргенімен, бірақ қаражаттың жетіспеушілігі бойынша қалағанына жете алмайды», - деп көрсетілген [2, 161-162, 164 пп.]. Ал училищенің жанында 1880 жылы Пішпек приход училищесінің оқу құралдарынан құрылған оқулықтарды сату қоймасы болды. Қала тұрғындары газеттер мен журналдарға жазыла алмаған, өйткені басылымдар Пішпек халықтың негізгі бөлігінен қарағанда қоныс аударушыларға көптеп таратылып отырған.

Ал ескі қоныс болып келетін Ақсу болыстығында 1880 жылы негізі қаланған шіркеулік-приходтық мектебі құрылып, ол 1895 жылы приходтық училище болып қайта құрылады. Бұған дейін Ақсу болыстығында оқу мекемесі болмаған. Соған орай шаруалар өз балаларының сауатын ашу үшін сауаты бар әскерилерге беріп, аз да болсын білім беруге тырысқан. Болса да мұндай «мұғалімдер» бастапқы сауат ашуға үйретіп, жалпылама Құдайға құлшылық жасауды меңгерткен. Ал бұл ашылған приходтық училищенің ғимараты барлық Ақсу шаруаларының ортақ қаржысына салынады. Ал училищені қажетті заттармен қамту үшін шаруалар жылына 400 сом қаржы жинап отырған. Бірақ білім алушы шәкірттерден оқу ақысы алынбаған.

1895 жылы шіркеу-приход мектебінде 22 оқушы білім алған. Негізінен шіркеу-приход мектептері Түркістан епархиалдық училищелік Кеңесіне бағынышты болды, соған қарамастан, мектеп ғимараты Ақсу болыстығының шаруа қоғамына тиесілі еді. Мұнда оқытылатын басты пән Құдайдың заңы болды. Училищеде рухани мазмұндағы аздаған кітабы бар кітапхана да болған. Ал бұл училищеге келген сауалнамадаға көз салсақ, 1884 жылға дейін ауыл тұрғындары арасында кітап оқуға деген қызығушылық аз болған, өйткені шаруалар арасында сауатты адамдардың аз екендігі байқалады. Газеттер мен журналдарға қоныстанушы-шаруалардан аспай жатса, ал кітаптар бар болған күннің өзінде рухани мазмұнда еді. 1898 жылғы зерттеу кезінде де шаруалар қолындағы кітаптардың мазмұны рухани сипатта болғандықтан енді шаруаларды жаппай газеттер мен журналдарға жазу ұйымдастырылған. Мәселен олардың қатарында болыстық өз атынан: «Ауылдық хабаршы», «Қызыл крест», «Облыстық ведомостар» басылымдарына жазылса, ал шаруалар: «Свет», «Вокруг света», «Отана», «Звезда», «Паломник», «Пчеловодный листок», «Воскресный день» сынды жалпы саны 11 газет-журналдарға жазылған [3].

Осылайша, Пішпек қаласының бастауыш училищелері мен Пішпек уезінің Ақсу болыстығындағы сауалнамалардың мәліметтері округте өзіндік шаруашылық-мәдени орталықтары болып табылатын ескі орыс ауылдарына мектеп ісін қою туралы түсінік жасауға мүмкіндік береді. 1000 және одан да көп адамға жеткен қоныс аударушы шаруалардың блғашқы сауат ашу мен діни бағытта болды. Бұл сауалнамалық деректер мектептердің мөлшерінің аздығын, мектептерде оқытудың төмен деңгейі туралы түсінік береді және сол тұстағы шаруалардың мінез-құлқы мен жергілікті халық арасындағы қатынасын көрсетеді.

Сонымен қатар XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Жетісу халқының көбюіне өзге де ұлттардың қоныс тебуі әсер етті. Ауылдық аймақтарда қазақ халқымен қатар диханшылыққа бейім келген ұйғыр мен дүнген ұлттары басым болды. Ал Жетісудағы Верный, Қапал, Лепсі қалаларында негізінен орыс, өзбек және татар халықтары қоныс тепті. Нәтижесінде Жетісу облысында халық көп ұлтты болып, халық саны 1 млн. астам адамды құрады, оның 70% - дан астамын - қазақтар, 17% - на жуығын орыс шаруалары құрады. Ресейдің ішкі аудандарынан жаппай қоныс аударған шаруалар есебінен тек 1905 жылы Жетісу қаласының халқы 25 мың адамға көбейгендігі байқалады.

Халық санының бұлай көбеюі болса да оқу-ағарту мекемелерін көбірек қажет етті. Бұл ең алдымен, облыстық орталық Верный қаласы, Қапал, Жаркент, Лепсі, Пішпек, Пржевальск қалаларында айқын көрініс берді. Ауылдық елді-мекендермен салыстырғанда қалалық аймақтарда білім беру ісі біршама дамығандығы байқалды. Ал қалалардағы жұмыс істеп тұрған оқу орындары келесі типтерге бөлінді: орта оқу орындары, қалалық және приход училищелері, Халық Ағарту министрлігінің орыс-туземдік мектептері, шіркеу мектептері, мектептер және мамандандырылған ауыл шаруашылық мектептері, жерге орналастыру және егіншілік Бас басқармасының негізіндегі - ормандық мектептер [3, 5-6 сс.].

Бастауыш оқу орындарының ең көп саны Верный қаласында шоғырланды. 1910 жылы мұнда 8 сыныптық оқу орны, 4 екі сыныпты училище, 5 екі сыныпты әйелдер училищесі, 3 Кіші Алматы әйелдер сыныптарының училищесі, Кіші Алматы шіркеу-приход мектебі, Верныйда дүнген училищесі жұмыс істеді. Сондай-ақ Жетісу облысы халық училищелерінің инспекторлығы ведомствосына бағынатын 6 училище болып, оның біреуі үш сыныпты, қалғандары 2-сыныпты білім берді. Ондағы жалпы оқушылар саны-868 ер баланы құраған.

Сонымен қатар Жетісуда конфессиялық мектептер жүйесі де болған. Олар қалалар мен қоныс аударушы ауылдарда, негізінен орыс халқы шоғырланған жерлерде орын тепті. Олар Жетісу епархиясының қарамағында болды. 1905 жылы Верныйда үш шіркеу мектебі жұмыс істеді: Покровка - екі класты, Троицкая - екі класты және шіркеулік бір сыныпты. Шіркеу мектептерінде балаларды православие шіркеуі діни-рухани тәрбиеге бағыттап, соған басым назар аударды. Әсіресе балаларға адамгершілік тәрбие беру мақсатында "Мәсіхтің өсиеттері", адамдарға бауырлас христиан махаббатын, олардың мұқтаждықтарына қайырымдылықты және тірі әлемге

жанашырлықты өмірге енгізу болды. Бір мезгілде ата-аналар мен тәрбиешілерге деген махаббат пен аса үлкен құрмет қажеттілігі түсіндіріліп отырды [4]. Эстетикалық тәрбие беру мақсатында, әсіресе Рождестволық демалыс кезінде әдеби-музыкалық кештер жиі ұйымдастырылып отырған.

Мұрағат деректерінде облыс бойынша шіркеу-приход мектептерінің жалпы мәліметтері сақталған. Олардың барлығы 19 болды, онда 447 ұл және 379 қыз бала білім алып, 826 баланы құрады. Мектептерде ер балаларға арналған қолөнер кластары болған жоқ, тек қыз балалар білім алатын шіркеу-приход мектептерінде қолөнермен айналысты. Оқушылар қолөнер сабақтарында тоқу, пішу және тігу, кесте тігуді меңгерді. Ал Лепсі шіркеу-приход мектебінде шағын үлгілі омарта болды және онда ара шаруашылығы бойынша қысқаша мәліметтер оқытылды [5].

1912 жылы екі уезд бір аудан құрамына кіріктіру туралы мәселе көтеріліп, халық училищелері бір инспекциясының қарамағына өтті. 1914 жылдың 1 қаңтарында төмен мектептерді бақылауға мақсатында облыс 3 ауданға бөлінді. Біріншісінің құрамына Верный және Жаркент уездері кірді. Инспектордың келу орны болып Верный қаласы тағайындалды. Екінші ауданның құрамына Пішпек және Пржеваль уездері кірді, ал Қапал және Лепсі уездері үшінші ауданды құрды.

Бұрын қалалық деп аталатын оқу орындары жоғары бастауыш училищелер деп өзгертіліп, бірақ олардың саны бұрынғысынша 9-ды құрады. Ал білім алушы оқушылар саны 1135 адамды құрады, оның 1075 ұл және 60 қыздан тұрды. Ал әлеметтік құрамы бойынша: 113 дворян мен шенеуніктердің балалары, 12 – рухани атақғы барлардың балалары, 439 – қалалық сословия өкілдерінің, 347 – ауылдық сословия өкілдерінің, тек 196 қазақ және басқа да сословиелерден – 28 оқушы білім алған.

Осы тұста Лепсі уездік қаласының да оқу орындарын ерекше назар алуға болады. Мәселен, 1912 жылы мұнда екі класты орыс-қазақ училищесі жұмыс жасаған. Сондай-ақ ерлер мен әйелдер білім алатын бір және үш сыныпты жоғары бастауыш училищесі болған. 1915 жыла аталған жоғары бастауыш училищесінде кітапхана ұйымдастырылып, ол мұғалім және оқушылар үшін арнайы екі бағытта жұмыс жүргізген. Сондықтан училище ауыл мектептерінің мұғалімдері үшін тұрақты педагогикалық курстар жүргізуге мүмкіндік алған [6].

Жетісу облысында бастауыш білім берудің тағы бір нысаны – ауыл шаруашылық мектептері болды. Облыста жұмыс істеп тұрған 4 ауыл шаруашылығы мектебі 1899 жылдың 1 шілдесіне дейін Дала генерал-губернаторында тұрған Агрономдық қарамағында болды. Облыс Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына өткен кезде бұл мектептер Түркістан өлкесінің егіншілік және Мемлекеттік мүлік басқармасының құрамына өткізіледі. Сол Басқармаға және Верный бау-бақша училищесі де бағынады. 1900 жылдың 1 қаңтарына училищеде жалпы саны 19 тәрбиеленуші болды.

Училище оқу үйі үшін жалдамалы үйлер алып, оған 360 рубль төлеп отырды. Ал білім алушылар бағбандық бойынша арнайы пәндерден және балабақшада тәжірибелік жұмыстардан басқа жалпы білім беретін пәндер бойынша білім алды, бау-бақша жанындағы жібек құрттарын тамақтандырды және тәжірибелі шебердің басшылығымен ағаш ұстасынан қолөнер кәсібін меңгерді. Олар өз қолдарымен құрал-жабдықтарын сақтайтын қойма, алдын-ала дайындалған жылыжай қабырғалары және т.б жер өңдеу ісіне байланысты құралдарды дайындаумен айналысты. Ал училищеге қатысты кейбір мәселелерді шешу үшін облыстың вице-губернаторының төрағалық етуімен комиссия құрылды, ол оқытушылар мен училище меңгерушісінің қолда бар құрамынан педагогикалық кеңес ұйымдастыру, жұмыс жүргізу үшін бұқаралық-ақпарат құралдарын ұлғайту және мұғалімдерге Мемлекеттік қызмет құқығын беру және училищені тездетіп қайта құру туралы өтініш беру қажеттігін мойындады.

Осы тұста Верный ерлер және әйелдер гимназиясы мектепте білім беру ісінің дамуына өз үлесін қосты. Гимназияда 1900 жылдың 1 қаңтарына дейін 40 тәрбиеленуші болған, оның ішінде 26 адам православиелік және 20 адам мұсылман, сословия бойынша – 18 бала дворян мен шенеунік балалары, 2 – рухани атақтылардың, 20 қазақ баласы болды. 1914 жылдың 1 қаңтарына дейін гимназияда 361 оқушы оқыды. Оның кейбір оқушылары Қазан, Томск, Петербург, Мәскеу және Ресейдің басқа жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыруға мүмкіндік алған. 1914 жылғы қаңтарға әйелдер гимназиясында 575 оқушы болды, олар сыныптар бойынша бөлінді; кіші дайындық мектебінде – 52 оқушы, жоғары сыныпта – 50, бірінші сыныпта – 80, екінші сыныпта – 50, үшінші сыныпта – 51, төртінші сыныпта – 93, бесінші сыныпта – 49, алтыншы сыныпта – 52, жетінші сыныпта – 65, сегізінші сыныпта – 32 оқушы болды [7].

Ал жалпы гимназиялық курстың құрамына келесі пәндер кірді: құдай заңы, орыс тілі, шіркеуславяндық және мінәжат ету, математика (арифметика, алгебра, геометрия), физика,

география, тарих (жалпы және орыс), жаратылыстану тарихы, француз тілі, неміс тілі, педагогика (дидактика және әдістеме), таза бейнелеу, сурет салу, қолөнер. Сонымен қатар, оқушылар гимнастикадан, бірлескен хор би және музыка сабақтарына қатысты.

Верныйда ерлер мен әйелдер гимназиялары үшін жарық және жақсы жабдықталған тас ғимараттар салынды. 1904 жылдың қаңтарынан бастап қытай үкіметінің өтініші бойынша ерлер гимназиясының дайындау бөлімінде орыс тілі мен арифметикасын меңгерге 10 қытай ұлтының балалары білім алды.

1899 жылы Верный әйел прогимназиясы гимназия болып қайта құрылды, онда 229 оқушы болды, оның ішінде дворяндар мен шенеуніктердің балаларынан 167, рухани атағы барлардан – 17, көпестер мен мешандардан – 34, казактардан – 7, шаруалардан – 3, сарбаздардан – 1 оқушы білім алған [8].

Көріп отырғанымыздай, өлкеге сырттан келіп қоныстанушылар есебінен халық саны артқанына қарамастан оқу мекемелері аздық етті және оларда негізінен ауқаттылар мен діни шенділер, әскери шенеуліктер, түрлі сатыдағы дворяндардың балалары білім алғандығы байқалады. Жалпы алғанда, қоныс аударушы халықтардың басым бөлігі өте сауатсыз, сауаттыларының өзі екі сыныпты юлімі бар немесе діни білімді меңгергендерден құралды. Ал ауылдық діни училищелер негізінен халық ағарту министрлігінің есебінен емес, шаруалардың өз есебінен ұсталынғанымен, оларда барлық ауыл балалары білім алуға мүмкіндіктері болмады. Дегенмен де, Жетісу аймағындағы білім ошақтары басқа облыстармен салыстырғанда басым болғандығы оларда жалпы пәндемен қатар діни білім және ауылшаруашылық мектептері жұмыс жасағандығын көреміз. Аз да болса халық сауаты ашылып, аз қамтылса да жергілікті басылымдардан өлке туралы саяси, мәдени хат-хабарлар алуына мүмкіндіктер туғандығын байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шонанұлы Т. *Жер тағдыры – ел тағдыры.* – Алматы: Санат, 1994. – 224 б.
2. РФ Орталық мемлекеттік тарихи мұрағаты. 91-қор, 3-тізбе, 159,160,161,162,164 пп.
3. Мийманбаева Ф.Н. *Социально-экономические отношения в киргизском и казахском хозяйствах Семиречья в начале XX в. (по материалам комиссии П. П. Румянцева): автореферат дис. ... кандидата исторических наук: 07.00.02.* - Фрунзе, 1990. - 22 с.
4. Васильев В.А. *Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины.* Пг., 1915. – С.70-71.
5. Тажыбаев Т.Т. *Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века.* Алма-Ата, 1962.- С.54.
6. *Обзор Семиреченской области за 1899 год.* Верный, 1900. – С.78.
7. Галиев В.З. *Школьное образование в Семиречье в н. XX века.// Роль архива в современном обществе (материалы международной научно-практической конференции).* 17 мая 2013. – Алматы, 2013 г. – С.158.
8. *Обзор Семиреченской области за 1913 год.* Верный, 1914. – С.106-107.

References:

1. Shononovich T. *The Fate of the land – the fate of the country.* Almaty: Sanat publ., 1994. - 224 P.
2. *Central State Historical Archive of the Russian Federation. Fund 91, list 3, pp 159,160,161,162,164.*
3. *Miymanbayeva F. N. socio-economic relations in Kyrgyzstan and Kazakh farms at the beginning of The xx V. (materials of the Commission P. P. Rummyantseva): abstract dis. ... candidate of historical sciences: 07.00.02.* - Frunze, 1990. - 22 p.
4. *Vasiliev V. A. Semirechenskaya region as a colony and its role in the Chuysky Valley.* PG., 1915. - pp. 70-71.
5. *Tazhibaev T. T. Prosveshchenie and schools of Kazakhstan in the second half of the XIX century.* Alma-Ata, 1962. - P. 54.
6. *review of the Semirechensk region in 1899.* Verny, 1900. - P. 78.
7. *Galiev V. Z. school education in Semirechye in N. XX century.// The role of the archive in the modern society (material of the international scientific and practical conference).* May 17, 2013-Almaty, 2013-p.158.
8. *review of the Semirechensk region for 1913.* Verny, 1914. - Pp. 106-107.